



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2024 жылғы 26 қаңтардағы
№ ДЗ-6

Құрметті депутаттар!

Үкімет отандық өндірісті қолдау мен дамытуды өзінің басым міндеті ретінде айқындады.

Мемлекеттік сатып алуда отандық өндірістің үлесін кемінде 60 пайызға арттыруға қатысты

Елішілік құндылық үлесін арттыру үшін мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен квазимемлекеттік сектордың сатып алуы рәсімдерін жетілдіру бойынша жұмыс басталды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік сатып алуда қолдауға бағытталған түзетулер енгізіледі.

Анықтама: тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді негізінен отандық өндірушілерден сатып алу; отандық өндірушілерге міндетті аванс (30 % мөлшерінде) төлеу; отандық өндірушілерді қамтамасыз етудің барлық түрлерінен босату; отандық өндірушілер үшін шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төмендету (шарт сомасының 3 %-ынан артық емес).

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске және «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заңға ірі кәсіпорындардың елішілік құндылықты дамыту бағдарламаларын міндетті түрде әзірлеуі және қабылдауы, сондай-ақ ірі кәсіпорындар мен отандық өндірушілер арасында міндетті түрде офтейк-келісімшарттар мен ұзақ мерзімді шарттар жасасу бөлігінде өзгерістер енгізіледі.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамымен (бұдан әрі – қор) сатып алу шеңберінде «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заңды және қордың сатып алу тәртібін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Отандық өндірушілерді қолдау үшін, сондай-ақ импорттың үлесін азайту үшін кейіннен офтейк-келісімшарттар жасасып, жаңа өндірістер құру немесе қолданыстағыларын жаңғырту бойынша қарсы міндеттемелер тетігін енгізу пысықталуда.

Анықтама: «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заңды жетілдіру мақсатында сатып алуды реттеу тәртібін және шағымдану тәртібін оңтайландыру бөлігінде өзгерістер енгізілетін болады. **қордың сатып алу тәртібінде** отандық тауар өндірушілердің сатып алу рәсімдерінің мерзімдерін оңайлату және оңтайландыру, сондай-ақ сапасын арттыру және қолдау көзделетін болады. Офтейк-келісімшарттар жасасу тәртібі шеңберінде өтінімдерді беру және қарау рәсімдерін оңайлату, сондай-ақ бизнесті қамтуды ұлғайту бөлігінде түзетулер енгізіледі.

Ішкі нарықты қорғаудың тиімді құралдарының бірі ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу болып табылады. Былтыр 2 тауар ұлттық режимнен алып тасталды: А3 форматындағы қағаз және А4 форматындағы қағаз (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 қазандағы № 904 қаулысы).

Биыл жеңіл өнеркәсіп тауарларының 1162 бірлігі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 ақпандағы № 99 қаулысы), сондай-ақ машина жасау, химия, металлургия, құрылыс индустриясы, жиһаз өнеркәсібі және азық-түлік салалары тауарларының 2946 бірлігі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 16 наурыздағы № 190 және № 191 қаулылары) ұлттық режимнен алып тасталды.

Жалпы алып тастау отандық өндірістің 4110 бірлігіне қолданылады, қажеттілігіне қарай бұл тауарлар тізімі кеңейтілетін болады.

Шикізат кезеңінен бастап дайын өнімге басымдық беруге қатысты

Отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау үшін локализация деңгейіне және технологиялық процестерге байланысты отандық тауар өндірушілердің тізілімі қалыптастырылады.

Импортты алмастырудың үдемелі саясатын іске асыру шеңберінде шикізатты ішкі қайта өңдеушілерге жеткізу тетігі іске қосылды және өңдеу өнеркәсібі орындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету қағидалары қабылданды.

Өңдеуші өнеркәсіп орындарын шикізатпен қамтамасыз ету үшін бастапқы металл өндірушілердің міндеттемелерін бекіту үшін «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заңға өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері мен отандық шикізат өндірушілер арасында келісім жасасу тәртібін белгілеу бөлігінде бірқатар түзетулер әзірленді.

Бұдан басқа, басым тауарлар тізбесіне кіретін өнімді өндіру қызметін жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің (2022 жылғы 30 мамырдағы № 306 бұйрық) өңделген отандық тауарларды ішкі және сыртқы нарықтарға жылжытуға жұмсаған шығындарының бір бөлігін өтеу мүмкіндігі бар.

Анықтама:

1. Отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа жылжытуға бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету қағидалары (2022 жылғы 15 маусымдағы № 342 бұйрық).

2. *Өңдеуші өнеркәсіптің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету жөніндегі өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары (2022 жылғы 1 тамыздағы № 314-НҚ бұйрық).*

Әлеуметтік және мемлекеттік объектілерді өткізу барысында отандық өнімді қолдану жөніндегі талаптарға қатысты

Құрылыс қызметі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында мемлекеттік нормативтерді сақтамағаны үшін, оның ішінде мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік субъектілердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілерде отандық өндіріс тауарларының, жұмыстарының дерекқорына енгізілген материалдары, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды қолданбағаны үшін Заңның 17-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес жауаптылық көзделген.

Бұған қоса, Сонымен қатар Үкімет Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске жобалау, сараптама және құрылыс процесінде отандық тауар өндірушілердің материалдарын қолданбағаны үшін жауапкершілік белгілеу бөлігінде түзетулер енгізуге бастама жасауда.

Отандық өндірушілердің тауарларын қолдану бойынша бақылауды күшейту мақсатында жақын арада сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларына (ӨҚМ-нің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 бұйрығы) өзгерістер енгізілетін болады.

Кадр тапшылығын жою мақсатында ел кәсіпорындарының базасында кәсіптік-техникалық училищелер ашуға қатысты

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында дуальді оқыту жүйесіндегі жұмыс берушілермен өзара іс-қимылдың, кәсіпорындардың ТЖКБ ұйымдарына қамқорлығының және т. б. басымдықтары айқындалған.

Анықтама: нысаналы мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде кәсіпорындардың өтінімдері бойынша колледждерге жыл сайын 10 мыңға дейін адам қабылданады, олар кейіннен міндетті түрде жұмысқа орналастырылады.

Қазіргі уақытта 518 компания 410 колледжге қамқорлықты жүзеге асыру бойынша меморандумдар мен келісімдерге қол қойды, сондай-ақ 90 мыңнан астам студентті қамтитын 9 мыңнан астам кәсіпорынның қатысуымен 551 колледжде дуальді оқыту енгізілді.

О. Бектенов

«Ақ жол» фракциясының депутаттар тізімі:

Бейсенбаев Е.А.

Перуашев А.Т.

Еспаева Д.М.

Барлыбаев Е.Х.

Иса К.Ж.

Садықов А.А.